

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Сарыөлең ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 шілдедегі № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 шілдеде № 23677 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Сарыөлең ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Сарыөлең ауылдық округі әкімінің 28.12.2021 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабының 3-тармағына , "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Күршім ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 25 маусымдағы № 841 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Сарыөлең ауылдық округінің мүйізді ұсақ малдары орналасқан ШҚО Күршім ауданы кадастры 05-072-010 Қарағаш теліміне бруцеллез ауруына шектеу қойып, іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сарыөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ШҚО Күршім ауданының

С. Аксартов

Сарыөлең ауылдық округінің әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК